

БҰЙРЫҚ

« 23 » 11 2021 ж/г.
Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 1874-9
город Алматы

**Философия докторы (PhD)
дәрежесін беру туралы**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 31.03.2011 ж. №127 бұйрығымен бекітілген дәреже тағайындау ережелеріне, 25.05.2021 ж. №17 «Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» ҚеАҚ Басқармасының шешімімен бекітілген «Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» ҚеАҚ Диссертациялық кеңесі туралы ережелеріне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **Жолдасбай Ержан Есенбайұлына** – (PhD) докторантура бағдарламасын меңгерген және «Қорғасынды жартылай өнімдер мен айналмалы материалдарды жоғары сульфидті мыс-мырышты концентратымен бірге өңдеудің кешенді инновациялық технологиясын жасақтау» тақырыбы бойынша диссертациясын қорғаған, 6D070900 – «Металлургия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

2. **Е.Е. Жолдасбайға** философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындау дипломы белгіленген тәртіп бойынша берілсін.

Негіздеме: 18.11.2021 ж. №8. КеАҚ 6D070900 – «Металлургия» мамандығы бойынша «Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» «Металлургия және материалтану жөніндегі Диссертациялық кеңесі отырысының хаттамасынан үзінді.

Басқарма мүшесі – Академиялық
мәселелер жөніндегі проректор




Б. Жәутіков

066458


Енгізеді:

Академиялық мәселелер жөніндегі
департамент директоры

 Н.Жунусбекова
« » _____ 2021 ж.

Келісілді:

Заң жүзінде қамтамасыз ету
бөлімінің башысының м.а.

 Т. Абуkenов
« » _____ 2021 ж.

жетекшісі, 6D070900 - Metallургия мамандығы бойынша 5 ғылыми жарияланымдары бар.

2. Бердикулова Феруза Асановна – техника ғылымдарының кандидаты, «Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «ҒЗТКЖ» бөлімінің бастығы, 6D070900 - Metallургия мамандығы бойынша 5 ғылыми жарияланымдары бар.

ТЫҢДАҒАҢДАР:

Докторант Жолдасбай Ержан Есенбайұлының сөз сөйлеуі, ол өз баяндамасында диссертациялық жұмыстың мәнін баяндап берді. Баяндама презентация түрінде ұсынылды. Баяндама барысында келесі сұрақтар қойылды:

1. Зерттелетін мәселенің өзектілігі
2. Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері
3. Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу
4. Қорғауға шығарылатын ғылыми ережелер
5. Диссертацияның практикалық маңыздылығы

Кеңес төрағасы Б. К. Кенжалиев келесі кезеңге – жұмысты талқылауға көшуді ұсынды. Сөз ресми рецензенттерге берілді. Ресми рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығының жоғары деңгейін атап өтті. Рецензенттер жұмыстың сапасы мен өзектілігін төмендетпейтін келесі ескертулерді атап өтті:

1. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері толығымен жаңа болып табылады. Дегенмен, жұмыста техникалық – экономикалық талдамалар дәстүрлі технологияның көрсеткіштерімен салыстырмалы түрде жасалынбаған.

2. Жаңа ұсынылып отырған технологияның техника-экономикалық көрсеткіштері есептелінді, экономикалық тиімділігі жылына 51 млн АҚШ долларын құрады. Бірақ бұл есептелген экономикалық тиімділік жалпылама түрде есептелген және толығымен технологияның экономикалық тиімділігін көрсетпейді, себебі кейбір позициялар көрсетілмеген. Мысалы: қондырғының, ғимараттың және т.б. амортизациясы ескерілмеген.

3. Жұмыста көп компонентті жүйелерді зерттеу кезінде тепе-теңдікке жеткенін қалай анықталғаны және жоғары күкіртті мыс-мырыш концентраты процестің негізгі технологиялық параметрлеріне қалай әсер ететіні сияқты мәселелер толықтай қарастырылмаған.

Рецензенттердің сөзінен кейін докторант **Е.Е. Жолдасбай** сөз сөйледі, докторант ресми рецензенттердің сұрақтарына және ескертулеріне толық жауап берді. Рецензенттер докторанттың жауаптарына қанағаттанды.

**Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ жанындағы Metallургия және
материалтану жөніндегі диссертациялық кеңестің
№ 8 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

Алматы қ.

«18» қараша 2021 ж.

ҚАТЫСҚАНДАР:

Тұрақты құрамы: Кенжалиев Б. К. – диссертациялық кеңестің төрағасы, Смагулов Д. У. – диссертациялық Кеңес төрағасының орынбасары, Бурабаева Н.М. – диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, Скопов Г.В., Абдулвалиев Р.А., Исмаилов М.Б.

Уақытша құрамы: Айткулов Д.К., Квятковский С.А., Оспанов Е.А., Байсанов С., Баимбетов Б.С., Оналбаева Ж.С.

Metallургия және материалтану жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор Кенжалиев Бағдәулет Кенжалиұлы.

Metallургия және материалтану жөніндегі диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы – техника ғылымдарының кандидаты Бурабаева Нурилла Муратовна.

Күн тәртібі:

Жолдасбай Ержан Есенбайұлының 6D070900 – Metallургия мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қорғасынды жартылай өнімдер мен айналмалы материалдарды жоғары сульфидті мыс-мырышты концентратымен бірге өңдеудің кешенді инновациялық технологиясын жасақтау» тақырыбында диссертациялық жұмысын қорғауы.

Ғылым кеңесшілер:

1. Досмухамедов Нурлан Калиевич – техника ғылымдарының кандидаты, "Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті" КЕАҚ» «Metallургия және пайдалы қазбаларды байыту» кафедрасы профессоры, Алматы қ., Қазақстан.

2. Каплан Валерий Аронович – техника ғылымдарының кандидаты, Вейцман атындағы ғылыми институтының ғылыми кеңесшісі, Реховот қ., Израиль.

Ресми рецензенттер:

1. Байқоңыров Ерден Ғалымұлы – PhD докторы, О.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің Ғылым және инновация орталығының

ЖАСЫРЫН ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

«ҚОЛДАЙМЫН» -- 13 дауыс
«ҚАРСЫМЫН» - жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Жолдасбай Ержан Есенбайұлы қорғау нәтижелері және дауыс беру нәтижелері бойынша Диссертациялық кеңес оған 6D070900 – «Металлургия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешім қабылдады.

**Металлургия және материалтану
бойынша Диссертациялық кеңестің
төрағасы, техника ғылымдарының
докторы, профессор**



Кенжалиев Б.К

**Металлургия және материалтану
бойынша Диссертациялық кеңестің
ғылыми хатшысы,
техника ғылымдарының
кандидаты**



Бурабаева Н.М.